

Жеке тұлғаны қалыптастырудағы ұлттық құндылықтардың білім берудегі рөлі

Бүгінгі таңда жеке тұлғаны қалыптастырудың басым бағытары педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселе болып отыр. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру» атты жолдауында атап көрсеткен «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі болуы тиіс».

Студенттердің ұлттық сана-сезімін қалыптастырда қазіргі ғылым мен техниканың ұшқыр заманындағы озық ойлы жаңашыл білім жүйесі, жан дүниесі, болмысы ұлттық құндылықтардан нәр алған ата-бабаның рухани – мәдени мұраларды сақтай отырып білім беру жүзеге асырылуда. Академик Ә.Қайдар халық мәдениетіне, ұлттық рухани болмысына төмендегідей анықтама берді: «Мәдениет жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық

менталитеті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін қамтитын өте күрделі ұғым. Бұл мәдениет-әрбір этносқа тән белгілі бір табиғи-әлеуметтік ортаға дүниетаным, ортақ психология-осының бәрін біз этнос мәдениетін таба аламыз. Ал, соның бәрін танып-білудің ең басты құралы-тіл екендігін мәдениеттанушы ғалымдардың бәрі мойындады» деп атап көрсеткен.

Ғасырлар бойы халық тұрмысымен біте қайнасқан ұлттық дәстүрді бойына сіңірген мақал-мәтелдер, халық өлеңдері, ертегілер, аңыз-әңгімелерді, айтыстарды оқытуды «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттеріне «Айтыс өнері», «Қазақ тілі сабағында халықты педагогиканы қолдану», «Шешендік өнер және тіл мәдениеті», «Жыраулар поэзиясы» таңдау пәндері оқытылады. Оқытатын пәндердің мазмұнында ұлттық салт-дәстүрдің, ұлттық болмысты көрсететін ақын-жазушылардың шығармалары қамтылған. Ұлттық тілден ұлттық болмысты тани білген ұлы ақын М. Жұмабаев «Ұлттық тілден сол ұлттың жері тарихы, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай анық көрініп тұрады» деген. Халқымыздың мақтанышы болған ұлы тұлғаларымыздың шығармаларындағы ұлттық болмыс

пен құндылықтарды баяндап, салыстыра отырып жеткізу оқытушының құзіреттілігінде. Ұлттық құндылықтарды игерген тұлға сол арқылы имандылыққа, парасаттылық өзін-өзі тәрбиелейді.

Тіл-ұлт болмысының бір көрінісі екенін ақын Қ.Мырза Әлидің «Қазақ осы» өлеңінде «Қазақ осы-дала дейтін күн дейтін,

Қазақ осы-«Өнер алды тіл» деп, тілдің құдіреттілігін жырға қосқан. Ана тілінсіз халық ұлт бола алмайды. Білім беруде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттері тіл мерекесіне орай өткізілетін қалалық «Білгірлер бәйгесі» интеллектуалдық ойын, «Бабалар салған сара жол-ұрпаққа болар мұра жол» атты ақындар мұшайрасына, «Өлмейтұғын артында сөз қалдырған» атты әдеби кештерге қатысып жүлделі орындарға ие болды.

Болашақ мамандардың бойында халқымыздың асыл мұрасын, ұлттық рух, ұлттық мақтанышты, ұлттық намыс, ұлттық мәдениетін қалыптастырып, ұлттық рухын жоғалпайтын жеке тұлға тәрбиелеу-баршамыздың парызымыз.

Гүлжан АЙДАРОВА,
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы,
педагогика және психология ғылымдарының магистрі.